

Ақжал негізгі орта мектебі

2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау

Ақжал негізгі орта мектебі бойынша тәрбие жұмысы Тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, 8 бағытта жүргізілді. Осы 8 бағыт бойынша жұмыс жоспары жасалынды. Жоспар бойынша жыл бойына міндеттелген іс-шаралар өтті. Қай заманда болсын адамзат алдында тұрған ұлы міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақтарды адал сезімге, адамгершілікке тәрбиелеу, шын патриот етіп шығару үшін оқушыларға патриоттық тәрбие берілді. Мектебімізде «Рухани жаңғыру мақаласы», «Өнегелі өмір» бойынша жоспар жасалып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Ауылымыздың зейнеткер ұстаздары, қарттар, еңбек ардагерлері, жас спортшы, әр салада абыройлы қызмет жасап жүрген мектебіміздің шәкірттерінен сұхбат алынды.

Ай сайын сайын сынып сағаттары, әңгіме, кітап көрмелері ұйымдастырылып отырды.

«Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыру мақсатында ұстаздарымыз, оқушыларымыз конференцияларға, байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болды. «Рухани жаңғыру» идеясын дәріптеу мақсатында кентімізде орналасқан жеңіс саябағында «Мұражай – тарихтың көзі» атты тақырыбында мектеп оқушыларымен экскурсия ұйымдастырылды. Мұражайға ауылымыздағы көне жәдігерлер әкеліп қойылды. Сонымен қатар ауылымыздағы атақты адамдар туралы деректер жинақталды. Оқу жоспарына «Туған жер» бағдарламасы бойынша «Өлкетану, Ақжалым - өлкем» атты таңдау курстары енгізілді. Салауатты өмір салтын сақтау мақсатында мектебімізде әр түрлі іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда: Денсаулық күніне байланысты «Әкем, шешем және мен» отбасылық жарыс т.б. Мұғалімдер мен ауыл жастары арасында волейболдан жарыстар, оқушылар арасында волейбол, баскетбол, теннис сонымен қатар ұлттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды атап айтқанда асық ату, бес асық, арқан тартыс.

Қазіргі таңда халықты алаңдатушылық есірткі, діни экстремизм және әр түрлі желілердегі компьютерлік сайттарға кіру туралы көптеген шаралар жүргізілді. мектеп психологы, тәлімгер, мектеп ұжымы бірлесе отырып оқушылар арасында «Қауіпті ойын», «Есірткі және заң», «Діни экстремизм деген не?» тағы басқа тақырыпта тренинг, сынып сағаттары, кездесулер ұйымдастырылды. Жылына 4-рет жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп тұрды. Айына 1 рет «Ата-аналар сіздер үшін» атты ашық есік күні өткізіледі. Мектепте өткен әрбір шараларға ата-аналар қатыстырылып отырады. Мектебімізде тәрбие процесі үздіксіз жүріп отырды. Сол себептен мектебімізде тәрбиесі қиын, мектепшілік, аудандық есепте тұрған оқушы жоқ.

Күтілетін нәтиже:

1. Тұлғаның рухани-адамгершілік принциптері, оның қоғамдағы моральдық қасиеттері қалыптасады
2. Отанының тағдыры үшін жауапты, белсенді азаматтық позициясы бар Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасы қалыптасады және дамиды.
3. Тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтық мәдениеті артады.
4. Балалар мен оқушы жастарда адамдарға ұлттық мұраға бейімдеу, толеранттылық сана, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру білігін қалыптастыру негізінде ұлтаралық қатынастар мәдениеті артады.
5. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде ана тілі, мәдениеті, дәстүрі және басқа да құндылықтар арқылы отбасы рөлі күшейеді.
6. Мектептің тәрбие жұмысын іске асыруда тәрбие саласында инновациялық технологияларды қолданады.

Бекітемін:

Мектеп директорының м.а:

Т.О.Мұханбеткәрім -----

Ақжал негізгі орта мектебі

2021-2022 оқу жылына арналған жылдық тәрбие жоспары

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Қазіргі мектеп оқушыларының жоғары тәрбиелік деңгейін қалыптастыру

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу

Ай ұраны: Отан үшін отқа түс, күймейсің!

Мақсаты: Отанға деген ұтымды және эмоционалды көзқарасы бар патриот пен азаматты қалыптастыру, мемлекет пен қоғамның заңдарын білу және сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздықтарға қарсы тұру, балалар мен жастардағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болу

| № | Өткізілетін іс – шара | Мерзімі | Сынып | Жауапты |
|-----|--|------------------------------|-------|-------------------------------|
| 1. | Қазақ халқының,Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын,салт-дәстүрін және әдет-ғұрыптарын құрметтеу(дөңгелек үстелдер,тәрбие сағаттар) | Жыл бойы | 1-9 | Сынып жетекшілер |
| 2. | ҚР-ның рәміздерінің талапқа сай ілінуін, мемлекеттік рәміздер бұрышын жабдықтауын қадағалау | Қазан | 1-9 | Мектеп әкімшілігі, тәлімгер |
| 3. | Мектеп демалысы кезінде Қазақстанның киелі жерлеріне экскурсиялар ұйымдастыру | Каникул уақытында | 1-9 | Ата-аналар, Мұханбеткәрім Т.О |
| 4. | «Тәрбие отбасынан басталады» сынып сағаттары | Қазан | 1-9 | Сынып жетекшілер |
| 5. | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-патриотизмнің жаңа түрі» іс-шаралар кешенін өткізу | Қараша | 5-9 | Сынып жетекшілер |
| 6. | Тұңғыш президент күнін атап өту (тәрбие сағаттар, дөңгелек үстелдер) | Қараша | 1-9 | Сынып жетекшілер |
| 7. | «Жас Ұлан» ұйымына мектеп оқушыларын қабылдау | Желтоқсан | 5 | Аханахова Ж.К |
| 8. | «Тәуелсіздікке-30 жыл атты патриоттық әндер байқауын өткізу | Желтоқсан | 5-9 | Мұханбеткәрім Т.О |
| 9. | ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту .(ашық тәрбие сағаттар, дөңгелек үстелдер) | Желтоқсан | 1-9 | Сынып жетекшілер |
| 10. | Ауған соғысы ардагерлер қауымдастығымен бірлескен іс – шаралар бойынша кездесу өткізу | Ақпан | 7-9 | Аханахова Ж.К |
| 11. | «Асқарым бар өте биік, «Әке деген» кездесулер өткізу(аталар, әжелер,ата-аналар) | Мамыр | 8-9 | Аханахова Ж.К |
| 12. | «Жас Ұлан» ұйымының бағыты бойынша «Тарих беттері» ҚР рәміздерін шығу тарихын зерттеп, деректер жинақтау | Жыл бойы | 4-8 | Тәлімгер Сынып жетекшілері |
| 13. | «Ер есімі ел есінде» Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған іс – шара өткізу,тәрбие, сынып сағаттары, кездесулер | Арнайы жоспар бойынша, мамыр | 1-9 | Сынып жетекшілер |

Рухани-адамгершілік тәрбие

Ай ұраны: «Адамгершілік – адамның асыл қасиеті».

Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру

| № | Өткізілетін іс – шара | Сынып | Мерзімі | Жауаптылар |
|----|--|-------|-----------------|---|
| 1 | ҚР-ның Ата Заңы күніне арналған «Ата заңым-айбыным» сынып сағаттары | 1-9 | Тамыз | Сынып жетекшілер |
| 2 | Қайырымдылық жобаларды іске асыру "Мектепке жол" акциясы, "Қамқорлық", "Жақсылық жасауға асығайық» | 1-9 | Жыл бойы | Ата-аналар комитеті, Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| 3 | «Қамқоршылық» кеңесінің іс – шара жоспарын жасау, жұмыстар жүргізу | | Қыркүйек | Мұханбеткәрім Т.О Жиёмбаева А.С |
| 4 | Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл; | 5-9 | Жыл бойы | Кітапханашы, тарих және қазақ тілі пәні мұғалімдері |
| 5 | Қарттар күніне арналған "Жақсылық жасауға асығайық" жалғызбасты қарт адамдарға қайырымдылық акциясы | 7-9 | Қазан | Аханахова Ж.К |
| 6 | Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – 180 жыл | 8-9 | Қараша | Бастауыш сынып мұғалімдері |
| 7 | «Сенің достарың» (тренинг, дөңгелек үстел, дебат) | 8-9 | Желтоқсан | Мейірхан Н.Д психолог |
| 8 | Салт – дәстүрлеріңді құрметте элементтерін пайдалана отырып іс – шаралар ұйымдастыру | 1-9 | наурыз | Сынып жетекшілер |
| 9 | Ұлттық ойындар жарысын ұйымдастыру | 5-9 | Каникул кезінде | Саденова А.А |
| 10 | Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – 160 жыл; | 1-9 | Ақпан | Сынып жетекшілер |
| 11 | Береке, бірлік бастауы әз- Наурыз мерекесін атап өту. | 1-9 | Наурыз | Сынып жетекшілер |
| 12 | «Қазақстан-мейірімділік мекені» | 1-9 | Жыл бойы | Сынып жетекшілер |

Ұлттық тәрбие

Ай ұраны: «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе».

Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана тіліне және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету

| № | Өткізілетін іс – шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|---|--|----------|------------------------------------|
| 1 | «Отбасы-бақыт мекені» отбасы күніне арналған іс-шаралар | Қыркүйек | Сынып жетекшілер |
| 2 | Мектеп оқушылары шеңберінде ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу. Қазақтың ұлттық салт дәстүрлерін насихаттау | Қыркүйек | Дене шынықтыру пән мұғалімдері |
| 3 | «Өлкетану» жобасын енгізу, өңірдің тарихи-мәдени мұра объектілерінде мектеп оқушылары үшін Өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу | Жыл бойы | Құсайынова Г.Ж |
| 4 | «Жасыл желек» жобасы аясында жұмыстар жүргізу | Жыл бойы | Қалабаева А.М. |
| 5 | Ауылымыздың атақты тұлғалары, ғалымдары, басқа да маман иелерімен кездесулер өткізу. | Үнемі | ДТЖО сынып жетекшілер |
| 6 | Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – 175 жыл; | Қаңтар | кітапханашы |
| 7 | «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобасын ілгерілету жөніндегі іс-шараларды іске асыру | Жыл бойы | Аханахова Ж.К. сынып жетекшілер |
| 9 | Қазақ халқының әдет-ғұрпы ашық әңгіме, дебат, сынып сағаттарын өткізу. | Сәуір | Тарих пәні мұғалімі |

Отбасы тәрбиесі

Ай ұраны: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің»

Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру

| № | Өткізілетін іс – шара | Сыныбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|--|--------|-------------------|--|
| 1 | 2021– 2022 оқу жылында ата – аналар комитеті 4 отырысын өткізу а) I отырысы ә) II отырысы б) III отырысы в) IV отырысы | 1-9 | Әр тоқсанда I рет | Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитетінің төрайымы |
| 2 | Ата – аналар үшін «Ашық есік» күнін ұйымдастыру | 1-9 | Жоспарға сәйкес | Мектеп әкімшілігі |
| 3 | Ата – аналар мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, тәртібі қиын оқушылар және олардың ата-аналарымен жұмыс | 1-9 | үнемі | Мектеп әкімшілігі |
| 4 | Ата – аналар, психолог, жасөспірімдер инспекторының қатысуымен «Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын – алу, болдырмау жолдары» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізу | 1-9 | Жылына 2 рет | Құқықтық кеңес мүшелері |
| 5 | Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы (білім беру ұйымдарының жеке кестесі бойынша). Ата-аналарға жалпы оқыту (білім беру ұйымдарының жеке кестесі бойынша) | 1-9 | Тоқсан сайын | Мектеп әкімшілігі |
| 6 | Әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен отбасыларды анықтап, көмек беруді ұйымдастыру | 1-9 | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог |
| 7 | Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру | 1-8 | Мамыр | Мектеп әкімшілігі |
| 8 | «Бала- тәрбиесі баршаға» тәрбие сағаттарын , сынып сағаттарын, кездесулер ұйымдастыру | 1-9 | Тоқсанына 1 рет | Сынып жетекшілер Ата-аналар комитеті |

Еңбек, экономикалық және экология бағыты**Ай ұраны:** Ұрпақ тәрбиесі – болашақ тірегі**Мақсаты:** кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.

| № | Өткізілетін іс – шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|----------|---|---------------------------------------|---|
| 1 | Сенбілік жұмыстары «Мектеп менің екінші үйім» | Қыркүйек, қа зан, сәуір, ма мыр | Сынып жетекшілер |
| 2 | Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл | Жыл бойы | Сынып жетекшілер |
| 3 | Сыныпаралық сайыс: «Ең таза гүлдендірілген сынып» | Әр тоқсанда | ДТЖО Мектеп тәлімгері |
| 4 | «Киелі мекен-Ақжалым» оқушылар арасында шығармашылық байқауы | Қазан | Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері |
| 5 | Сурет сайысы: «Бояулар сөйлейді» байқауы | Жыл бойы | Шаравхан Н |
| 6 | Көрме: «Қолөнер-молөнер» оқушылар қол өнері (картон, ағаш, қағаз, сазбалшықтан түрлі жұмыстар жасау) | Қаңтар | Технология пәні мұғалімдері |
| 8 | «Қызықты өсімдіктер әлеміне саяхат» бүктемелер дайындау | Ақпан | Қалабаева А.М. |
| 10 | Мектеп оқушылары арасында «Менің жеке ағашым» атты көшет отырғызып, табиғатты қорғау акциясын өткізу. | Наурыз | ДТЖО Сынып жетекшілері |
| 11 | «Табиғат – тал бесігім» тәрбие сағаттары | Наурыз | Сынып жетекшілер |
| 12 | "Жасыл ел" қозғалысы шеңберінде жасыл желектерді отырғызу, еріктілер қозғалысы. Табиғи аймақтарды қоқыстан тазарту жұмыстары, сенбілік өткізу. | Сәуір | Сынып жетекшілер, мектеп ұжымы |

Құқықтық тәрбие

Ай ұраны: «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы».

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

| № | Өткізілетін іс – шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|----|---|--------------------------------|--|
| 1. | Кәмелетке толмаған жасөспірімдермен жұмыс жүргізу жоспарын бекітіп, кешенді іс-әрекеттер ұйымдастыру | қыркүйек | Мұханбеткәрім Т.О |
| 2 | «Адал ұрпақ» клубының жұмыстары,оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке шақыратын іс-шаралар ұйымдастыру | Жыл бойы | Мұханбеткәрім Т.О |
| 3 | Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың, зорлық-зомбылықтың алдын алуда «Қылмыссыз жарқын болашақ!» онкүндіктің жоспарын жасау,іс-шаралар өткізу | Қараша | Сынып жетекшілер,құқықтық кеңес мүшелері |
| 4 | «Адал ұрпақ» ұйымына мектеп оқушыларын қабылдау | Қазан | 8-9 сынып жетекшілері |
| 5 | «Дін мен діл», «Дініңді сақта!» және «Экстремизм және терроризм туралы ұғым» тақырыптарында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ауыл имамдарымен кездесулер өткізу | Жыл бойы,арнайы жоспар бойынша | 5-9 |
| 6 | Құқықбұзушылықтың алдын алу, ескерту және профилактикалық жұмыстар жүргізу | Жыл бойы | 5-9 |
| 7 | Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзықшылықтың алдын алу мақсатында сыныптар арасында рейдтер ұйымдастыру | Тоқсан сайын | 1-9 |

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Ай ұраны: «Ақыл азбайды, білім тозбайды». Білімді ұрпақ - мемлекет тірегі

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру

| № | Өткізілетін іс – шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|----------|--|-----------------|---|
| 1 | Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – 155 жыл; | Қазан | Тарих пәні мұғалімдері |
| 2 | Зияткерлік іс-шаралар: ойындар, тренингтер танымал тұлғалармен кездесулер | Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі |
| 3 | «Достық, адалдық» туралы әңгіме, «Қақтығыстардың алдын алу, болдырмау немесе оны шешу жолдары» ашық әңгіме | Сәуір Ақпан | Тәлімгер, психолог, сынып жетекшілер |
| 4 | «Менің бәсекелестік қабілетім» тренинг | Наурыз | Педагог-психолог |
| 5 | Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл | үнемі | Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері |
| 6 | «Менің ерекшелігім», «Шешуі қиын жайттар» сауалнама | Қаңтар Ақпан | Педагог-психолог |

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Ай ұраны: «Әдеп- ең қымбат мирас».

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру.

| № | Өткізілетін іс – шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|----|---|-------------------|------------------------------|
| 1 | «Мектеп ережесін құрметтейік!» тәрбие сағаты | Қыркүйек | Сынып жетекшілер |
| 2 | «Ауылым-алтын бесігім» ауылдағы атақты тұлғалар жайында деректер жинақтау | Қыркүйек Мамыр | Сынып жетекшілер |
| 3 | «Мұражай-тарихтың көзі» атты мектеп мұражайына саяхат сабақ ұйымдастыру, көне жәдігерлермен таныстыру | Жыл бойы | Сынып жетекшілер |
| 4 | «Күз аруы-2021» байқау өткізу | Қазан | ДТЖО Сынып жетекшілері |
| 5 | «Достығымыз жарасқан» дөңгелек үстел | Қараша | Бакаева Қ.Аңтар |
| 6 | Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл; | Ақпан | Омарова Б.Д. |
| 7 | «Адалдық туралы айтайық» дебат сабақ, сынып сағаттары | Ақпан | Сынып жетекшілер |
| 8 | «Алғыс айту күні» (тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер) | Наурыз | Сынып жетекшілер |
| 9 | «Әдеп-ең қымбат мирас» дөңгелек үстел | Наурыз | ДТЖО |
| 10 | «Анама мың алғыс» сазды бағдарлама, тәрбие сағаттары | Наурыз | Сынып жетекшілер |
| 11 | «Сұлулық пен қыз егіз» сынып сағаты, тәрбие сағаты, кездесулер ұйымдастыру | Наурыз | Аханахова Ж.К |
| 12 | «Кітап – адамның досы, ақылшысы» дөңгелек үстел | Сәуір | кітапханашы |

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, жол қозғалысының ережелері

Ай ұраны: «Тәні саудың - жаны сау»

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиянкелтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру

| № | Өткізілетін іс – шара | Мерзімі | Сынып | Жауапты |
|----|--|--------------|-------|--|
| 1 | Таңертеңгілік бой жазу жаттығуларын өткізу. | Жыл бойы | 1-9 | Саденова А.А Исатаева Г.Т |
| 2 | «Денсаулық фестивалі» | Қыркүйек | 1-9 | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері: Саденова А.А. Исатаева Г.Т. |
| 4 | Салауатты өмір салтын қалыптастыру және халықтық денсаулық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ауыл медбикелерімен кездесу өткізу | Қазан | 8-9 | Мұханбеткәрім Т.О |
| 5 | Аптасына 2 рет спорт секцияларын өткізу | Жыл бойы | 5-9 | Саденова А.А., Исатаева Г.Т. |
| 7 | «Жастар есірткісіз өмірді қолдайды» акциясына қатысу | Қараша | 8-9 | психолог |
| 8 | Репродуктивті денсаулық, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, АИТВ-ның алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша семинар-тренингтер өткізу | Желтоқсан | 7-9 | Психолог, мектеп медбикесі |
| 10 | «Денсаулық – зор байлық» спорттық ойындар | Қаңтар | 1-9 | Сынып жетекшілер, Саденова А.А., Исатаева Г.Т. |
| 11 | «Жат әрекеттен сақтан!» оқушылар арасында темекі, насыбай, алкоголь өнімдерін зияндылығы туралы түсіндіру жұмыстары, мамандармен кездесулер ұйымдастыру | Өз уақытында | 5-9 | Сынып жетекшілер, психолог |

Мектепте өтілетін дәстүрлі мерекелік іс – шаралар жоспары

| № | Өткізілетін іс – шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|----------|--|----------------|--|
| 1 | Қазақстан Республикасының Конституциясы күні | Тамыз | Мұханбеткәрім Т.О |
| 2 | Білім күні | Қыркүйек | Аханахова Ж.К |
| 3 | Тілдер күні | Қыркүйек | Сулейменова А.Т |
| 4 | Мұғалімдер күні | Қазан | Қалабаева А.М |
| 5 | Қарттар күні | Қазан | Мейірхан Н.Д |
| 6 | Алтын күз | Қараша | Мұханбеткәрім Т.О |
| 7 | Тәуелсіздік күні | Желтоқсан | Аханахова Ж.К |
| 8 | Жаңа жыл | Желтоқсан | Жиембаева А.С Мұханбеткәрім Т.О Саденова А.А |
| 9 | Халықаралық әйелдер күні | Наурыз | Мұханбеткәрім Т.О |
| 10 | Наурыз | Наурыз | Усенбаева А.С |
| 11 | Қазақстан халықтарының бірлігі күні | Сәуір | Аханахова Ж.К |
| 12 | Отан қорғаушылар күні | Мамыр | Мұханбеткәрім Т.О |
| 13 | Жеңіс күні | Мамыр | Аханахова Ж.К |
| 14 | Соңғы қоңырау | Мамыр | Қалабаева А.М |
| 15 | Балаларды қорғау күні | Маусым | Жиембаева А.С |
| 16 | Мемлекеттік Рәміздер күні | Маусым | Мұханбеткәрім Т.О |
| 17 | Астана күні | Маусым | Сынып жетекшілер |

Діни экстримизм және терроризм қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастыру

| № | Атқарылатын іс-шаралардың мазмұны | Іс-шаралардың өтілу тәсілі | Мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|-----|--|----------------------------|--------------------------------------|---|
| 1. | Сынып сағаттарын өткізу: <ul style="list-style-type: none"> ▪ Дүниежүзілік терроризмге қарсы күрес; ▪ «Терроризм және діни экстремизм»; ▪ «Ислам дінінің рухани-әлеуметтік негізі»; ▪ «Діни экстремизмнің зардаптары» | 6-9 6-9 6-9 6-9 | Қыркүйек Қазан Қараша Ақпан | Сынып жетекшілері |
| 2. | 18 қазан – Рухани келісім күні | 6-9 | 18. 10. 2021ж. | ДТЖО |
| 3. | Жалпы мектептік және сынып ата-аналар жиналысында «Діни еркінді және діни ұйымдар» тақырыбында әңгіме жүргізу | 1-9 | Айына бір рет | ДТЖО Ата-аналар комитеті |
| 4. | Жалпы мектептік ата-аналар жиналысында, сынып ата-аналар жиналысында «Дін еркіндігі және діни ұйымдар» тақырыбына әңгімелесу | 1-9 | Айына 1 рет | ДТЖО Ата-аналар комитеті |
| 5. | Сауалнама қорытындыларын сынып жетекшілері ӘД отырыстарында, педкеңесте талқылау | 1-9 | Жыл бойы | Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі |
| 6. | Басқа ағымдағы діни мекемелерге (аймағымыз үшін дәстүрлі емес) баратын балалармен жеке әңгімелесу | 1-9 | Жыл бойы | Сынып жетекшілері ДТЖО, Психологтар Дінтану мұғалімі |
| 7. | Басқа ағымдағы діни мекемелерге «аймағымыз үшін дәстүрлі емес) баратын балалардың ата-аналарымен жеке әңгімелесу | 1-9 | Жыл бойы | Психологтар |
| 8. | ҰОС ардагерлерімен, интернационалист-жауынгерлермен кездесу | 5-9 | Жыл бойы | Сынып жетекшілері |
| 9. | «Іздеу саламыз» және «Қамқорлық» акциясы | 1-9 | Жыл бойы | ДТЖО Әлеум.педагог |
| 10. | Ерлік сабағы | 8-9 | Қыркүйек Ақпан Мамыр | Сынып жетекшілері |
| 11. | «Экстремизмге қарсымыз!» акция өткізу | 9 | Ақпан | ДТЖО , сынып жетекшілер |
| 12. | Оқушылардың бос уақытысын ұйымдастыру | 1-9 | Жыл бойы | Сынып жетекшілері |
| 13. | Оқушыларды спорттық секцияларға тарту | 1-9 | Жыл бойы | ДТЖО, Дене шын. ӘБ мұғалімдері |
| 14. | КЖТББ (КТЖБ) қызметкерлерімен кездесу | 8-9 | Жыл бойы | Инспектор, ДТЖО |
| 15. | «Соғыс болмасын!» тақырыбына суреттер, қабырға газеттер сайысы | 1-9 | Жыл бойы | Сурет пәнінің мұғалімдері |
| 16. | «Балаларды қорғау» тақырыбына сабақтар өткізу | 8-9 | Сәуір | Сынып жетекшілері |
| 17. | Ақпараттық-насихаттық топ жұмысы | 8-9 | Жыл бойы | ДТЖО, Дінтану мұғалімі, психолог, әлеум.пед |